



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ●

№ 12 (914) 26 наурыз 2026 жыл

f www.facebook.com/Magzhan zhuldizi @ https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/ e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

MEPEKE MEЗETI

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ!»

*Жасиетті қазақ жеріне
Ұлыстың Ұлы күні - өз
Наурыз да сағындырып,
сарғайтып жетті, міне!
Жыл өткен сайын Наурыз
мейрамы елімізді мекенде-
ген бүкіл халықтың, ұлт пен
ұлыстың сағынып кутетін
ертаң мерекесіне айналып,
жаңа мазмұнмен, жара-
сымды сән-салтанатымен
түрлене түсуде. Күн
мен түннің теңеліп,
жан-дүниені тірілткен,
шаруаның бір малы егеу
бөлініп, арқа-басы кеңіп,
азда аузы тиген, қытымыр
қыстың ызғарынан
құтылып, алдағы шуақты
күндерден үміттендірген
Наурыз мерекесі ежелден
халықтың мерке.*

Жалғасы 4-5 беттерде.



«SOLTÜSTİK QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ - 105 ЖЫЛ

МАҒЖАННАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ



Осыдан жүз жыл бес бұрын қара шаңырақтың негізін қалап, аянбай еңбек еткен қайраткерлердің бірі - жерлесіміз ақын Мағжан Жұмабаев еді.

Осыған орай, басылымның ғасырдан асқан мерейтойына Мағжан елі атынан «Magjan juldzy» газетінің шеф-редакторы Еркебұлан Елубаев арнайы қатысып, тілеші қауымның қатарынан көрінді.

Еркебұлан Әлімжанұлы газет жмына аудан әкімі Рахат Смағұловтың құттықтауын жеткізіп, жеті тілде жазылған «Біздің Мағжан» атты күнды кітапты сыйға тартты.

Құттықтау хатта Рахат Назымбекұлы «Soltüstik Qazaqstan» газетінің ұжымын алғашқы нөмірінің шыққанына 105 жыл толуымен шын жүректен құттықтады.

- Сіздердің басылымдарыңыз - бұл Солтүстік Қазақстан облысының шежіресі ғана емес, ол ғасырдан астам

20 наурыз күні Петропавл қаласындағы Оқушылар сарайында «Soltüstik Qazaqstan» газетінің 105 жылдығына орай ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Алқалы жиында Мемлекет басшысының кеңесшісі Мәлік Отарбаев, облыс басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов, еліміздің және өңірдің жылы қауым өкілдері, студенттер, оқырмандар мен журналистер қатысты.

уақыт бойы қазақ журналистикасының дәстүрлерін сапалы сақтаған өңірдің жанды дауысы. Мағжан Жұмабаев сияқты ұлы ағартушылар еңбек еткен алғашқы басылымдардан бастап қазіргі заманғы цифрлық форматқа дейінгі жолдан өтіп, газет әрбір оқырман үшін адал серік және насихатаушы болып қала береді.

Бүгінгі таңда «Soltüstik Qazaqstan» газеті ұстанымдарына берік және инновацияларға ашықтықты сөтті үйлестіреді. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен таланттарыңыздың арқасында газет маңызды әлеуметтік тақырыптарды көтереді, мәдени мұраны сақтайды және туған өлкеңіз дамуына

ықпал етуде. Сізге және редакция ұжымына сарқылмас шабыт, өткір тақырыптар, тираждардың өсуі және аудитория сенімін тілеймін! Әр нөмір оқырманның жүрегінен орын алып, ұжым әрқашан пікірлес адамдар қатары болып қала берсін.

Сіздерге мықты денсаулық, амандық және жаңа шығармашылық табыстар тілеймін», - делінген құттықтау хатта.

Ғасырдан астам уақытта басылымда еңбек еткен қаламгерлер қоғамның рухани дамуына өлшеусіз үлес қосып, оқырманға бағыт-бағдар берер мазмұнды дүниелер ұсынды. Бүгінде бұл игі дәстүрді

жаңа буын журналистері лайықты жалғастырып, газет заман талабына сай жанғырып, ақпараттық кеңістіктегі орнын нығайтып келеді.

Конференция барысында журналистиканың өзекті мәселелері мен баспасөздің қоғамдағы ролі жан-жақты талқыланды. Салаға елеулі үлес қосқан бірқатар журналистер мемлекеттік марапаттарға ие болып, медальдармен және Алғыс хаттармен наградталды.

Мерейтой аясында редакцияға қолдау көрсету шаралары да жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, газет орналасқан ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Сонымен қатар, редакция ұжымына жаңа қызметтік автокөлік табысталды.

Бұл бастамалар ұлттық баспасөзді қолдауға және журналистердің еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған.

ШАҢЫРАҚ КҮНІ

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ - ЕЛДІҢ ТҰТҚАСЫ

Марасымды жұптар мен береке - бірлік қонған отбасылар қашан да көпке үлгі. Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов «Наурызнама» тұжырымдамасы аясында Чистовское ауылында тұрағын қондалаы отбасы Тәжібаевтар әулетіне барды. Отанасы - 1943 жылы туған Мамия Тәжібаева, «Алтын алқа» қондалаы аналарға арналған құрметті атағының иегері, 25 жыл еңбек еткен жан. Оттасы Советхан Тәжібаев - 1937 жылы туған, ол 46 жыл электрші болып қызмет атқарған ауыл еңбеккері.

Ерлі-зайыптылар 8 бала тәрбиелеп өсірген - 5 қыз, 3 ұл. Бүгінде қазыналы қариялар 22 немере мен 8 шөбере сүйіп отырған жайы бар. Балаларының бір бөлігі еліміздің әр өңірінде тұрады, ал үш ұлы Чистовское ауылында тұрып жатыр. Кездесу барысында аудан әкімі отбасының тұрмыс жағдайымен танысып, ерлі-зайыптыларға еңбегі, бала тәрбиесі және отбасылық құндылықтарды сақтауға қосқан үлесі үшін алғысын білдірді. Мұндай отбасылар бірлік, еңбекқорлық және ұрпақтар сабақтастығының жарқын үлгісі екені атап өтілді.



ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА САТЫП АЛУ

«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ «Бақылау мақсатында сатып алу» бағдарламасының басталғаны туралы хабарлайды.

Бақылау мақсатында сатып алу – бұл мемлекеттік бақылаудың бір түрі, оның мақсаты Техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімдерді анықтау болып табылады.

Техникалық реттеу саласындағы бақылау мақсатында сатып алу Техникалық регламенттер қолданысқа енгізілген, айналымға шығару сатысындағы өнімдерге қатысты жүргізіледі. Бұған мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер кірмейді.

Бақылау мақсатында сатып алу бақылау және қадағалау субъектісінің нысандарында алдын ала хабарландырусыз жүргізіледі. Сатып алуды жүзеге асыруға және сатып алынған өнімге сынақ жүргізуге байланысты шығыстар бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

Өнім (тауар) үлгілерін сынау нәтижелері бойынша адамның өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнама талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау және қадағалау органы техника-лық реттеу

саласындағы заңнамада және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген тәртіппен өнімді алып қою түріндегі жедел әрекет ету шараларын қолдана алады.

Құрметті Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары, егер Сіз күмәнді сапалы, таңбалануы жеткіліксіз (оның ішінде мемлекеттік тілде ақпарат жоқ) құрылыс материалдары мен бұйымдарын, көмірді, электр тұрмыстық техникасын, автомобиль отынын, жағармай материалдарын, майларды, салқиндатқыш сұйықтықтарды сату фактілеріне тап болсаңыз, мына мекенжай бойынша



хабарласыңыз: «ҚР СИМ ТРМК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ, Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56 үй, телефон 8 (7152) 52-74-97, e-mail: gosnadzor-sko@mail.kz, gosnadzor_sko@mail.ru немесе e-Otinish порталы арқылы. Департамент мамандары бақылау мақсатында сатып

алуды жүргізіп, өнімді сынаққа жібереді және тиісті шараларды қабылдайды.

Екатерина ПАРШИНА,
ҚР СИМ ТРМК СҚО бойынша департаментінің бас маманы, мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі СҚО мемлекеттік инспекторы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
Кляйн Николай Юрьевич	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56 үй, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8 (715-31) 2-19-96 телефоны арқылы

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
1	Рахметова Айзада Нұрланқызы	Әр айдың екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
2	Баранов Юрий Олегович	Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
3	Бәкіров Ермек Жәңгірұлы	Әр айдың бірінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
4	Шәрімов Нұржанат Сабырұлы	Әр айдың екінші бейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
5	Крот Олег Степанович	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Бастомар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Александровка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Возвышенка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
6	Хайдарова Жения Абайқызы	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Қарақоға а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті
7	Елубаев Сатыбек Фазылұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Надежка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00; Чистовское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 12.00-13.00
8	Сағындықова Гүлбану Төлегенқызы	Әр айдың соңғы сәрсенбісі, сағ. 12.00 бастап 17.00 дейін	Конюхов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Октябрьское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00; Лебяжье а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 16.00-17.00
9	Сералинов Алмас Уәлиұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Таманское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Молодогвардейское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Ұзынкөл а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
10	Сматов Қайнолла Тоқаұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Полтавка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Жастар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00; Советское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00
11	Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Бәйтерек а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00; Полудино а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 12.00-13.00

ҰЛТТЫҚ СПОРТ - ҰЛТ РУХЫНЫҢ АЙНАСЫ



Осығанорайелішідетүрлібағдарламалар ұйымдастырылады. Биыл біздің аудан орталығы – Булаев қаласындағы Батыр Баян атындағы спорт кешенінде асық ату мен мас-рестлинг бойынша жарыстар болып өтті.

Асық ату жарысында Блажко Евгений (Булаев қаласы) жеңімпаз атанса, Жанпейісов Нұрқасым (Булаев қаласы) күміс медальды иеленді, ал Сабөтқан Нұрсұлтан (Чистов ауылдық округі) қола медальды жеңіп алды.

Мас-рестлинг сайысында 50 келі салмақ

20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл – Наурызанама жалпыұлттық онкүндігінің жетінші күні. Атаулы күн ептілік пен төзімділікке баулитын, күш пен рух беретін ұлттық спорт түрлерін ұлықтауға арналады. Ұлттық ойындар – атадан балаға қалған мәдени мұра, бүгінгі қоғам өмірінің маңызды бөлігі.

дәрежесінде сынға түскен Сәрсенбаев Жеңіс (Булаев қаласы) чемпион атанса, Сайлаубай Нұрәли және Баймен Нұрәли (екеуі де - Аққайың ауылдық округі) өзара 2-ші және 3-ші орындарды бөлісті.

70 келі салмақта Жадан Станислав (Алтын дән ауылдық округі) үздік спортшы болса, Қожахметов Рустам (Қарақоға ауылдық

округі) және Данияр Жоламан (Булаев қаласы) күміс және қола жүлдегер атанды.

90 келі салмақта Сүлейменов Сайран 1-ші орынды жеңіп алса, Маковецкий Александр (екеуі де - Успенка ауылдық округі) және Жүкенов Дамир (Булаев қаласы) 2-ші және 3-ші орындарға жайғасты.

100 келі салмақта Дабылбеков Абай

(Булаев қаласы) алтыннан алқа тағынса, Хамзенов Нұрдәулет (Қарақоға ауылдық округі) күміс медальды иеленді, ал Маке-нов Асхат (Булаев қаласы) қола жүлдені місе тұтты.

Осылайша, Наурызанама аясындағы «Ұлттық спорт күні» ұлттық спорт пен дәстүрдің маңызын айқындайтын ерекше күн ретінде аталып өтті. Бұл күн халықтың тарихи мұрасын жаңғыртып, мәдени құндылықтарды дәріптеп, қоғамды бірлікке және белсенді, салауатты өмір салтын ұстануға үндеді.



ТАЗАРУ КҮНІ - ТАЗАЛЫҚ ПЕН ЖАҢАРУДЫҢ БАСТАУЫ



23 наурызда «Таза Қазақстан» жалпы республикалық акциясы аясында, еліміздің барлық аймақтарында Наурызанама шеңберінде «Тазару күніне» орайластырылған аумақтарды тазарту бойынша эко-акция өткізілді.

«Тазару күні» – бұл қоғам табиғи жерлер мен қоғамдық аумақтарды қоқыстардан тазартуға күш салатын күн. Бұл қоршаған ортаны таза етудің жолы ғана емес, сонымен қатар табиғатқа қамқорлық пен экологиялық жауапкершіліктің маңыздылығын көрсетеді. Тазару күнінде «Мөлдір булақ», «Таза өлке», су айдындарын тазалау және ағаш отырғызу шаралары өткізіледі.

«Тазару күніне» орай ауданның барлық елді мекендерінде сенбілік өткізіліп, оған тұрғындар белсене қатысты.

Акция барысында аулалар мен оған іргелес аумақтарды, қоғамдық кеңістіктерді тазалау жұмыстары жүргізіліп, ол елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсартуға және абаттандыруға бағытталды.

Бастаманы Петропавл қаласынан алынған экологиялық эстафета облыс бойынша өз жалғасын табуда. Біздің аудан қоршаған ортаның тазалығын сақтау мен оған қамқорлық көрсетуге бағытталған маңызды бастаманы қолдай отырып, эстафетаны Қызылжар ауданына табыстады.

Айта кетейік, акция аясында жергілікті әкімдік қызметкерлері мен қарапайым тұрғындар су басу ықтимал аумақтардан қар шығару, су ағызу құбырларын тазарту, жаяу жолдарды ретке келтіру сияқты жұмыстар атқарды.



23 Наурыз
Тазару күні

#ТазаруКүні



«ҚОШ КЕЛДІҢ, ҰЛЫСТЫҢ»



Жалғасы, басы 1-бетте.

«Наурызанама» тұжырымдамасы аясында ауданда Ұлыстың ұлы күні кеңінен тойланып, әр күн өзіндік ерекшелігімен айықталды. 21 наурыз күні Булаев қаласының орталық алаңында өткен «Қош келдің, Ұлыстың ұлы күні - Наурыз!» атты мерекелік бағдарлама - соның айғағы.

Жылқы жылын қарсы алған мағжандықтар күн мен түн теңескен Наурыз мерекесінің жыл сайын қанатын кеңге жайып, ерекше мерекеленіп келе жатқанына куә. Быыл да ұйымдастырушылар мағжандықтарды қызықты іс-шаралармен және концерттік бағдарламаларымен қуантты.

Мәселен, Ұлыстың ұлы күніне орай, орталық алаңда үлкен сахна тұрғызылып, оң жағына киіз үйлер тігілсе, сол жағына бірнеше алтыбақан құрылды. Бірінші киіз үйде ауданның шеберлері ұлттық нақышта жасаған қолөнер туындыларының көрмесі жайғасса, екінші киіз үйде ағаштан, гипстен және матадан жасалған қолданбалы өнер иелерінің дүниелері орналасты. Үшінші киіз үйі кітапхана мен архив ұжымдары құнды кітаптармен және мұрағаттық деректермен безендіріп, келушілерге мерекелік дастархан жайды.

Сонымен бірге, қазақ күресі үшін боз кілем төселсе, садақ ату, қой көтеру мен жілік сындыру үшін арнайы орындар жұмыс істеді. Сондай-ақ балалар үшін ойын алаңдары құрылып, тұрғындар үшін сауда-саттық алаңы ұйымдастырылды.

Наурыз мейрамының шымылдығы аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары арнайы әзірлеген қойылыммен ашылып, сахнада Көктем аруы, Ұмай ана, қыз бен жігіт, ақжаулықты әжелер өнер көрсетіп, жиналған қауымға Қыдыр ата ақ батасын берді. Өртістердің өнеріне қол соққан халыққа аяулы әжелеріміз тәттіден ташу шашып, мерекені сәнін келтірді.

Қол алысып, төс қағыстырған адамдар, немерелерін жетектеген ата-әжелер, жүздері жарқын ер-жігіттер мен әшекейлері сылдырлаған қыз-келіншектер, тәтті жеп, ойнап жүрген балалар – жаңа шуақ, жүрекке жылулық сыйлаған мерекенің жарқын көріністері еді.

Бұл күні мерекеге жиналған жұртшылық алдында

аудан әкімі Рахат Смағұлов сөз сөйлеп, алаңға жиналған аудан тұрғындарына ізгі тілектерін арнады.

- Құрметті мағжандықтар! Сіздерді көктемнің тамаша мерекесі - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Терең тарихқа тамыр жайған бұл жарқын мереке табиғаттың жаңаруын, халықтың бірлігін, келісім мен амандықты білдіреді. Наурыз - ізгі бастамалар, өзара құрмет пен адамдар арасындағы достықты нығайту кезеңі.

Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Наурыз - халқымызды біріктіретін, жалпұлттық бірлікті нығайтатын және адамдардың жүрегін жарқын болашаққа деген сеніммен толтыратын мереке».

Жақында өткен маңызды қоғамдық-саяси оқиға - жаңа Конституцияны қабылдау бойынша референдум біздің еліміз үшін ерекше маңызды. Бұл - халықтың ерік-жігерін жүрсететін және Қазақстанның мемлекеттілігін, әділдігін және орнықты дамуын одан әрі нығайтуға бағытталған тарихи қадам.

Наурыз - жаңару уақыты, және оның бірден референдумнан кейін өтуі жақсы белгі: біз көктеммен бірге ел өмірінің жаңа тарауын бастаймыз және өзіміздің үздік дәстүрлерімізді ұстанып, көктемді қарсы алып, қорытындылаймыз және жаңа жоспарлар жасаймыз.

Біздің аудан облыстың жетекші аграрлық аудандарының бірі екенін тағы да растады. 2025 жылы біз соңғы он жылдағы астық жинау бойынша рекордтық өнімділікке қол жеткіздік. Ауданда сүт кешендерін салу бойынша инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Біз ауданымыздың келбетін жаңартуды жалғастырамыз. Өткен жылы ауданның елді мекендерін абаттандыру, су құбырлары мен автомобиль жолдарын жөндеу бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында елеулі өзгерістер орын алуда.

Қымбатты жерлестер! Наурыз мерекесі әр үйге қуаныш, бақыт пен жаңа үміт әкелсін! Ауданымызға көркейе берсін, әр отбасына бақ береке және мықты денсаулық тілеймін.



ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ!»



Осы жыл біз үшін жақсы өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктер жылы болсын, деді Рахат Назымбекұлы.

Содан кейін аудан басшысы қаз-қатар тізілген және белгілі бір тақырыпта безендірілген әр киіз үйге кіріп, мерекеге орай ұйымдастырған көрмелерді тамашалап, шығармашыл жандарға алғыс білдірді.

Наурыз мейрамын мерекелеу аясында білім бөлімі білім беру ұйымдарымен бірлесіп бірегей формат — Digital-киіз үй ұсынды, ол мереке қонақтары үшін нағыз тартымдылық нүктесіне айналды. Келушілер жасанды интеллект көмегімен жасалған қазақтың белгілі жазушыларының құттықтауларын тамашалап, роботтар жарыстарына қатысып, виртуалды садақ атуда өздерін сынап көрді және басқа да көптеген заманауи және интерактивті идеялармен жете танысты.

Мұнда келушілер өздері үшін қызықты нәрсе тапты - технологиядан бастап, бір кеңістікте үйлесімді түрде біріктірілген ұлттық дәстүрлерге дейін. Экскурсия соңында барлық тілек білдірушілерді жағымды тосын сый күтіп тұрды, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп ұжымы мерекеге одан да көп жылулық пен жайлылық қосқан дәмді бауырсақтар таратты. Осылайша, Наурыз - жаңару, бірлік және жаңа мүмкіндіктер уақыты екенін дәлелдеді.

Іс-шара аясында орталықтандырылған кітапхана жүйесі мен аудандық мұрағаттың қызметкерлері «Сәлем, Наурыз» атты кітап-көрме ұйымдастырды. Көрмеде заманауи технологияларды пайдалану арқылы жасалған ерекше материалдар ұсынылды: жасанды интеллект көмегімен биылғы мерей-ті иелерінің макеттері «жанданып», сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының 90 жылдығына арналған коллаж көрсетілді. Сонымен қатар келушілер облыс пен ауданның көрікті жерлерінің бейнелерін тамашалады.

Мағжандықтар мереке аясында Айдарбек Қалдыров, Қанат Исеков, Мейрам Рыспаев, Дмитрий Бауэр, Владимир Старицын, Любовь Скок, Ольга Ослопова, Лидия Бенц сынды ағаштан, темірден, гипстен, матадан, теріден, қайыстан бұйымдар

шығаратын танымал қолөнер шеберлерінің туындыларына тамсанып, көрмелерді қызыға аралады.

Садақ атудан шеберлік сабағына жиналған халық ерекше қызығушылық танытты, мұнда кез келген ниет білдіруші садақтан атып, нысана көздеп, дәлдік қасиеттерін шыңдады. Бұл спорт алаңында, әсіресе, ересектермен қатар, балалардың қарасы көп болды.

Қой көтеру сайысында Ағыбай Асқаров 111 мәрте көтеріп, басты сыйлық – қойды қанжығасына байлады. Сонымен қатар, жілік сындыруда Абылай Мұстафин, Арман Қалиев сынды тәжірибелі ел ағалары көзге түсіп, көпшілік алдында білектері мықты екеніндіктерін паш етті.

Ұлттық спорт түрі – қазақ күресінен өткен жарыста жасөспірімдер мен ересектер сынаға түсіп, боз кілемде жасындай жарқылдады. Мәселен, 46 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Шахбозұлы Әділет жеңімпаз атанса, 55 келі салмақта Қалдыров Жарас алтын медальды ұтып алды. 65 келі салмақта Темірғалиев Рахимей тең келер ешкім болмады. Бұл жас спортшы ересектер арасында өткен жарыста да сынға түсіп, бағы мен бабы қатар шауып, «түйе балуан» атанды.

Жасөспірімдер арасында жеңімпаз атанғандарға кубоктар, жүлдегерлерге медальдар мен дипломдар табыс етілсе, ересектер арасында үздік атанған балуандар кубокпен, дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Жұртшылықтың көңілінен шыққан концерттік бағдарлама аясында көрермендер арасында ұтыссыз лотерея ойнатылып, халық әртүрлі сыйлықтарға ие болып, мәре-сәре болды.

Бұл күнгі мерекелік іс-шара кешкілік бағдарламамен жалғасып, сахнада аудандық Мәдениет үйінің өншілері мен мерекенің арнайы қонақтары – «Miami» тобы өнер көрсетті.

Кешке де көрермендер қарасы қалың болып, олар әртістерге дән риза болып, шын жүректен көңіл көтеріп, би биледі. Тіпті, арқан тартып, өзара сайысқа түсті. Керемет кештің соңында мерекелік оташу қала аспанын жарқыратып, мағжандықтар үшін естен кетпес әсер сыйлады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



2026 ЖЫЛДЫҢ 2-ШІ ТОҚСАНЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Қабылдау күндері және уақыты	Мем. органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ	Смағұлов Рахат Назымбекұлы	Аудан әкімі	Сейсенбі, апта сайын, сағат 10-00-ден 13-00-ге дейін	Булаев қаласы Юбилейная көшесі, 56	2-14-03
	Тасмағанбетов Достан Серікболатұлы	Аудан әкімінің экономика және шұғыл мәселелері жөніндегі орынбасары	Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03
	Қазисов Абай Серікұлы	Аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары	Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03
	Шәріпов Азамат Сайранұлы	Аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары	Сәрсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03
	Қожахметов Жаслан Әсетұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Бейсенбі, апта сайын сағат 11-00-ден 13-00-ге дейін		2-14-03

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН БАСШЫЛАРЫ МЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ 2-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы - Рахметова Айзада Нұрланқызы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 11:00-13:00-ге дейін қабылдау жүргізеді, мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56. Тел: 8(71531) 2-16-03.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалының директоры Әбілмәжинов Төлеген Әлжанұлы дүйсенбі сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін, сәрсенбі сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін Булаев қаласы, Береговая көшесі, 23, 1 кабинет, 2 қабат, тел: 2-12-02.

Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы - Сұрағанова Динара Жаслаңқызы әр сәрсенбі-жұма күндері сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 45, тел 2-20-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы - Умовист Елена Анатольевна апта сайын дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қабылдайды. Азаматтарды қабылдау сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін) мына мекен жайда жүргізіледі: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 1 және 16 кабинет (1 қабат), тел 2-81-46.

Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы - Сәрсенов Алмас Мәулітұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

Мағжан Жұмабаев ауданы құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлім басшысы - Сәдуақасов Руслан Қасымжанұлы апта сайын жұма күні сағат 14.30-дан 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, 2-07-77.

Мағжан Жұмабаев ауданы тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы - Қыраубаев Асхат Жаңбырбайұлы апта сайын дүйсенбі күні сағат 14.30-дан 18.30-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел 2-04-94.

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы - Құсайынов Әлібай Нұрбайұлы апта сайын бейсенбі күні сағат 14.30-дан 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 2 А үй, тел 2-00-25.

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ге дейін басшының орынбасары - Тищенко Наталья Юрьевна апта сайын бейсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, тел 2-19-56, 2-17-97.

Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы - Мұсатаев Қанат Мерекеұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, «Қаржы және экономиканы бөлімі» КММ ғимараты. тел 2-12-01.

Мағжан Жұмабаев ауданы кәсіпкерлік бөлімінің басшысы - Әбілмәжинов Әділжан Әсетұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел 2-07-55.

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі - Бірмжанов Азамат Тоқышұлы айдың әр аптасының сәрсенбісі, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы әкімінің орынбасары - Исабаев Дамир Қуандықұлы айдың әр аптасының бейсенбісі, сағат 14.30-дан 18.00-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, тел 2-14-46, 2-14-07.

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жан-

болат Хазезұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға ауылы, тел 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округінің әкімі - Исмағамбетова Гүлмира Бейсембайқызы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бәйтерек ауылы, тел 2-75-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі - Бейсебаева Сарагүл Сәрсенқұлқызы әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Успенка ауылы, тел 2-51-21.

Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округінің әкімі - Омарова Шырайлым Рысбайқызы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Лебяжье ауылы, тел 5-23-39.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округінің әкімі - Васильева Эльвира Леонтьевна апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Надежка ауылы, тел 5-40-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское ауылы, тел 3-66-12.

Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округінің әкімі - Қалиев Мәдениет Мәкенұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полудино ауылы, тел 2-65-73.

Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің әкімі - Байбекова Марина Махмудовна апта сайын сейсенбі, жұма күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Чистовское ауылы, тел 2-45-35.

Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округінің әкімі - Соколов Виктор Васильевич апта сайын бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Возвышенка

ауылы, тел 3-12-62.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі - Жағыраров Жаслан Қайроллаұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Молодогвардейское ауылы, тел 3-36-31.

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі - Коношевский Александр Андреевич әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Полтавка ауылы, тел 2-71-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан Ауылдық округінің әкімі - Ботабакова Баян Жайдарханқызы әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Жастар ауылы, тел 2-35-29.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округінің әкімі - Қайыржанов Марат Қанатұлы бейсенбі күні сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Бастомар ауылы, тел 3-57-33.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі - Есжанов Мақсат Қайратұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел 2-63-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округінің әкімі - Табұлдинов Марат Камелұлы апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Конохов ауылы, тел 5-34-32.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі - Поляков Александр Юрьевич әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Таманское ауылы, тел 5-28-90, 5-29-31.

«Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының аппараты» КММ - 8(71531) 2-19-96.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалы - 8(71531) 2-12-02.

«Мағжан Жұмабаев ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ - 8(71531) 2-20-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ - 8(71531) 2-81-49.

«Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ - 8(71531) 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

«Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ - 8(71531) 2-07-77.

«Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ - 8(71531) 2-04-94.

«Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі»

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінен сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыйбалас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру жүзеге асады:

КММ - 8(71531) 2-09-47.

«Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ - 8(71531) 2-19-56.

«Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ - 8(71531) 2-12-01.

«Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіпкерлік бөлімі» КММ - 8(71531) 2-80-78.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-14-46.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-44-49.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйтерек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ -

8(71531) 2-75-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-51-21.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Лебяжье ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-23-39.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ноғайбай би ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-40-36.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-66-12.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Полудин ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-65-73.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ -

8(71531) 2-45-35.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Возвышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-12-62.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-36-31.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-71-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-35-29.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Бастомар ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-57-33.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-63-36.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Конохов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-34-32.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-26-16.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-28-90, 5-29-31.



Дүйсенбі, 30 наурыз	Сейсенбі, 31 наурыз	Сәрсенбі, 1 сәуір	Бейсенбі, 2 сәуір	Жұма, 3 сәуір	Сенбі, 4 сәуір	Жексенбі, 5 сәуір
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӨНУРАН. 05.35 КОҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.00 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 00.10 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15, 03.05 Д/Ф. 14.50 «АҚОРДА». 15.05 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӨНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00. 02.35 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 01.45 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15 Д/Ф. 14.45 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 03.05 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 03.55 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «КОҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 23.35 ФУТБОЛ.	04.45 ӨНУРАН. 04.50 ФУТБОЛ. 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 00.10 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00. 01.00 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 02.55 Д/Ф. 14.50 Н. ТІЛЕНДИЕВТИ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ. 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӨНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 00.10 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.15, 02.55 «УРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ». 14.45 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 01.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӨНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.40 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 00.50 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 13.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 14.10, 03.40 Д/Ф. 14.50 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.35 КӨКЖИЕКТЕҢ АСҚАН ҮН». 16.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 17.20, 02.10 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.55 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӨНУРАН. 05.35, 20.00, 02.20 АҚПАРАТ. 06.05, 03.10. «АУЫЛДАСТАР». 06.40 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 08.05 Д/Ф. 08.35, 21.20 «КӨКЖИЕКТЕҢ АСҚАН ҮН». 09.00, 01.30 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШІ». 13.50 КОНЦЕРТ. 16.00 М/Ф «АҢДАР ШАҒАРЫ». 17.40, 02.30 ҚОС ПАЛАТА. 20.10, 02.50 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 23.10 «СҮЛУ МЕН ҚУБЫЖЫҚ», Х/Ф.	05.30 ӨНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.45, 03.45. «АУЫЛДАСТАР». 06.15 «КОҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.40 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 07.25 М/Ф. 09.00, 01.10 Т/Х «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «КӨКЖИЕКТЕҢ АСҚАН ҮН». 13.40 КОНЦЕРТ. 15.10 «СҮЛУ МЕН ҚУБЫЖЫҚ», Х/Ф. 17.40, 02.40 «АҚОРДА». 20.00, 02.00 АПТА. 20.40 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 23.10 «НАБАТ ОПЕРАЦИЯСЫ», Х/Ф. 02.55 «ІНЖУ-МАРЖАН».

Дүйсенбі, 30 наурыз	Сейсенбі, 31 наурыз	Сәрсенбі, 1 сәуір	Бейсенбі, 2 сәуір	Жұма, 3 сәуір	Сенбі, 4 сәуір	Жексенбі, 5 сәуір
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 ӘЛЕУМЕТ. 09.30 КӨЗҚАРАС. 10.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «ДЕВУШКА МОИХ КОШМАРОВ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 Т/Х «ЭШРЕФА». 03.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФА». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 «ЗА БОРТОМ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «СЛИШКОМ КРУТА ДЛЯ ТЕБЯ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 03.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФА». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 «ЗА БОРТОМ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «СЛИШКОМ КРУТА ДЛЯ ТЕБЯ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 03.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 НЕОСЕТЬ. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФА». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 15.00 «СЛИШКОМ КРУТА ДЛЯ ТЕБЯ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «КОЛДУНЬЯ», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШІРЕС. 03.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 09.30 МИРОВЫЕ НОВОСТИ. 09.45 ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ. 10.00, 23.00 Т/Х «ЭШРЕФА». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф «ПУШИСТЫЙ ВОЯЖ». 15.30 М/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 «ПЛАН «Б», Х/Ф. 21.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ШҚІРІ. 03.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00, 23.15 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 08.35 ДЕТСКАЯ МЕДИЦИНА. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 11.00 «ПЛАН «Б», Х/Ф. 13.00 XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 14.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6». 18.00 7 КҮН. 18.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 19.00 COVER SHOW». 21.00 «ПРИБЫТИЕ», Х/Ф. 01.15 КР ӨНУРАНЫ.	05.00, 23.15 Т/Х «ФАТМАГҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 11.45 «ПРИБЫТИЕ», Х/Ф. 14.00 ӨМІР ОРНЕГІ. 15.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6». 19.00 7 КҮН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «БЕЛЫЕ ЦЫПОЧКИ», Х/Ф. 01.15 КР ӨНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 30 наурыз	Сейсенбі, 31 наурыз	Сәрсенбі, 1 сәуір	Бейсенбі, 2 сәуір	Жұма, 3 сәуір	Сенбі, 4 сәуір	Жексенбі, 5 сәуір
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 12.15 АНАЛИТИКА. 13.15 «АНЫҚТАЙМЫЗ. Р. ОТЕПАЙМЕНЬ». 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ВОЗМЕЗДИЕ». 01.35 Т/С «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «КРЕСТНЫЙ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ВОЗМЕЗДИЕ». 22.45 Т/С «ПУЛЯ». 01.35 Т/С «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «КРЕСТНЫЙ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ВОЗМЕЗДИЕ». 22.45 Т/С «ПУЛЯ». 01.35 Т/С «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «КРЕСТНЫЙ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПУЛЯ». 01.35 Т/С «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».	06.00 П@УТИНА. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.45 Т/С «КРЕСТНЫЙ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.40 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ПУЛЯ». 02.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.50 «П@УТИНА». 06.40 Т/Х «КОНЕЦ ИГРЫ». 08.20 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 09.00 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 09.20 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.15 «ВИНОВАТА ЛЮБОВЬ», Х/Ф. 15.00 QOSLIKE. 17.45 «ЕРЕКШЕ», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 «ВДОВЕЦ», Х/Ф. 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.35 «П@УТИНА». 06.45 Т/С «КОНЕЦ ИГРЫ». 07.40 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 08.20 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 08.45 Т/С «ВТОРОЙ БРАК». 12.40, 15.00 «ВДОВЕЦ», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 18.00 «ПОЙМАЙ МЕНЯ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АНЫҚТАЙМЫЗ. Р. ОТЕПАЙМЕНЬ». 21.40 Т/С «ДОЛГИ СОВЕСТИ». 01.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.
Әлихан БӨКЕЙХАНОВ.
- Өзің білгенінді - халқыңа үйрет.
Міржақып ДУЛАТОВ.



ҚАРАҚОҒАЛЫҚТАР НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАДЫ



Қарақоға ауылдық округінде ауданның барлық орталық елді мекендерінде сияқты Наурыз мейрамы салтанатты түрде әрі кеңінен аталып өтті.

Мерекелік іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов арнайы қатысып, ауылдықтарға аудан әкімінің құттықтауын жеткізді.

- Ұлыстың ұлы күні – ұлық мейрам. Бұл – біздің ата дәстүріміз. Шуақты көктем мерекесінде бүкіл дүние қайта жаңғырады. Күн мен түн теңеледі. Қазақ елі өз-Наурызды көне заманнан бері тойлап келеді. Наурыз – ең алдымен, игілікті істердің мерекесі. Осы күндері әр үйде ақ дастархан жайылады. Ел-жұрт бір-бірімен қауышып, ақ тілегін айтады. Мұқтаж жандарға қайырымдылық жасап, қамқорлық көрсетеді, - деп Азамат Сайранұлы барша қауымға амандық, бейбітшілік пен өркендеу тіледі.

Мереке аясында Қарақоғада жылдағы дәстүрге сай ат жарыс, волейбол, қазақ күресі және қой көтеру сияқты дәстүрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Жеңімпаздарға демеушілер қаражатынан бағалы сыйлықтар табыс етіліп, зор қошемет көрсетілді.

Сондай-ақ тұрғындар мен қоңақтар үшін Наурыз мерекесіне арналған концерттік бағдарлама мен мерекелік сауда ұйымдастырылып, ұлттық нақышта безендірілген киіз үй тігілді. Кез келген келуші ұлттық бұйымдарды өз көзімен көріп, қолымен ұстап, әртүрлі салт-дәстүрлердің күесі болды.

Көрші жатқан ауылдардан да көптеп келген халық ұлттық дәстүрді дәріптейтін бұйымдар қойылған көрмені тамашалап, округтегі еңбек ұжымдары жайған ақ дастарханда ұсынылған тағамдардан дәм татты.

Мерекеді жергілікті ауыл көркем-өнерпаздары өнер көрсетіп, іс-шара жылы әрі достық атмосферада өтті. Тамаша ұйымдастырылған Ұлыстың ұлы күні жиналған қауымға көктемгі шаттық пен қуаныш сыйлады.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ - ҚОЛЫМЫЗДА БАР ҚАСИЕТ



«Қайырымдылық жасап, қайырын өзің көрсейің», - дейді қазақ. Иә, жоқ-жітікке қарасу, жылағанды жұбату, сүрінгенді сүйеу – халқымыздың бойында ежелден қалыптасқан қасиет.

Ата-бабамыз осындай қысқа жіп күрмеуге келмейтін қысылтаң шақтарда ауызбіршілікті, адалдықты, ынтымақты ту етіп көтерген. Әсіресе, көптің мәселесін қара бастың қамынан жоғары қойған. «Бір үй аш болса, бір ауыл аш, бір ауыл аш болса, бүкіл ел аш», - деген қағиданы берік ұстанған.

Үшқызыл ауылының тумалары биылғы Рамазан айында көптеген қайырымдылық шаралардың басынан табылып жүр.

Мәселен, Қадір түні Қарағанды ауылындағы намазханаға қолдау ретінде 150000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Бұл қаражат ауыл мешітін күтін ұстауға, отын-көмірін алуға немесе азын-аулақ жолдеу жұмыстарын жасауға жұмсалмақ.

- Ауыл үшін аянбай жүрген Үшқызыл тұрғындарының қайырымдылығын көргенде, көңіліміз көкке жеткізеді. Алғыс

білдіріп, ақ бата бергеннен басқа айтарымыз жоқ. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әрбір игі шараны Жаратқан сауаптан жазсын, - дейді ауыл имамы Мұхамедияр.

Үшқызыл ауылының тумалары қайырымдылық іс-шараларға аталысып, ауыл мешітіне, мұқтаж жандарға көмек көрсетуге ниетті. Сондықтан мұндай қолдау әлі де жалғасын таппақ.

Серік ЫСҚАҚОВ,
Үшқызыл ауылының тумасы.

<p>Директор - бас редактор Несін ГОИЧАР</p> <p>Газеттің мәніші: «Газета «Весты» ЖШС»</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Сәтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу нөмірі - 65360</p>	<p>«Magjan zhulyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл к., Коммуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, ауылдық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады. Жоқ газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі рөлін басқалық болып табылады.</p>
--	--	---	---	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г күзегіні алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәшігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.